

FTAMP 61.59.29

Г.А. Сулейменова¹ – негізгі автор, ©
Е.Ж. Усипбекова², А. Даулетбай³,
А.Т. Қонаров⁴, Г.А. Сейлханова⁵



¹Докторант, ²PhD, доцент м.а., ³PhD, аға ғылыми қызметкер,

⁴PhD, қауымдас. профессор, ⁵Хим. ғылым. д-ры, профессор

ORCID

¹<https://orcid.org/0000-0002-2338-8453> ²<https://orcid.org/0000-0001-8367-1800>

³<https://orcid.org/0000-0003-0157-1449> ⁴<https://orcid.org/0000-0001-9352-8602>

⁵<https://orcid.org/0000-0002-9939-8316>



^{1,2,5}Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

^{3,4}Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан



²enlik.ussipbekova@gmail.com

<https://doi.org/10.55956/KNWC2804>

ЛИТИЙ-ИОНДЫ АККУМУЛЯТОРЛАР СЕПАРАТОРЛАРЫ: ҒЫЛЫМИ ШОЛУ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ БАҒЫТТАР

Аңдатпа. Литий ионды батареялардың негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын сепаратордың маңызды рөлі – батареялардың қауіпсіздігі мен электрохимиялық қасиеттерін қамтамасыз ету. Өйткені, сепаратор катод пен анод арасындағы қысқа тұйықталудың алдын алып, иондардың ағынын қамтамасыз ететін жұқа, кеуекті мембрана. Батарея жұмысы кезінде электрохимиялық реакцияларға қатыспаса да батареялардың қауіпсіздігі мен электрохимиялық қасиеттеріне тікелей әсер етеді. Осы себепті сепараторға қойылатын талаптар өте жоғары және оны қанағаттандыру өзекті. Соңғы онжылдықта әлем ғалымдары сепараторды әзірлеу мәселесіне ерекше назар аударғанымен, оның даму тарихы 1970 жылдардан басталады. Бұл әдеби шолуда әлемдік ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, сепаратор дайындаудың ғылыми кезеңдері, оның даму тарихы, негізі талаптары мен көрсеткіштері және сепаратордың негізгі түрлері талданады. Осы шолу мақалада сондай-ақ нақты сандық талдаулар жүргізіліп, көпфункционалды сепараторлар әзірлеу үшін маңызды көрсеткіштер мен өлшемдер қарастырылады.

Тірек сөздер: литий-иондық аккумулятор, сепаратор, талаптар, электрохимия, электрохимиялық көрсеткіштер, композитті материалдар.



Сулейменова, Г.А. Литий-ионды аккумуляторлар сепараторлары: ғылыми шолу және болашақ бағыттар [Мәтін] / Г.А. Сулейменова, Е.Ж. Усипбекова, А. Даулетбай, А.Т. Қонаров, Г.А. Сейлханова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.359-380. <https://doi.org/10.55956/KNWC2804>

Кіріспе. Литий-ионды аккумуляторлар (ЛИА) жоғары энергетикалық тығыздығы, беріктігі және жылдам зарядтау қабілеті арқасында қазіргі өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады. Олар смартфондардан бастап электромобильдерге дейінгі көптеген құрылғыларда қолданылады. Айтарлықтай артықшылықтарға қарамастан, литий-ионды батареялар қауіпсіздігі, жұмыс тұрақтылығы және зарядты тасымалдау тиімділігіне қатысты бірқатар мәселелерге

ие. Батареялардың өнімділігі мен қауіпсіздігіне әсер ететін негізгі компоненттердің бірі-сепараторлар. Сепараторлар катод пен анод арасындағы тікелей физикалық байланыстың алдын алуда және иондардың өткізгіштігін қамтамасыз етуде, қысқа тұйықталуды болдырмауда, маңызды рөл атқарады [1]. Литий-ионды аккумуляторларға арналған мембраналық сепараторлардың негізгі сипаттамалары, сепаратордың алғашқы түрлері, даму тарихы, сепараторға қойылатын негізгі талаптар, қазіргі уақыттағы оның заманауи түрлері және келешекте оны жетілдіруге арналған бағыттар жайлы шолу жоғарғы энергия жүйелері (немесе баламалы тоқ көздері) үшін маңызды ақпараттар береді.

Ғылыми зерттеулерге шолу және талдау. *Сепараторлардың даму тарихы.* Литий-ионды батарея сепараторларының даму тарихы батарея технологиясы эволюциясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, себебі сепараторлар батареялардың қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Батареяларға арналған алғашқы сепараторлар ағаштан жасалған болатын. Алайда, мұндай материал электролитпен жасақанда тез бұзылған. Кейін сепараторларды өндіру үшін целлюлоза, шыны талшық, полиуретан және резеңке сияқты материалдар қолданылды. Соңғы уақытта никельден жасалған батареяларда кеуекті целлофаннан, нейлоннан немесе полиолефин қабыршақтарынан жасалған сепараторлар, қорғасын-қышқылды батареяларда күкірт қышқылына батырылған шыны талшықтан жасалған сепараторлар, ал литий-ионды батареяларда полиолефин сепараторлары қолданылады. 1970 жылы алғаш рет литий органикалық электролиттері бар аккумуляторларда анод ретінде қолда бастаған кезде, француздық САФТ компаниясы тоқыма емес полипропилен сепараторын пайдаланып тәжірибелік литий-ионды батарея элементін дайындаған [2-4]. Қазіргі уақытта Honeywell компаниясы, бұрын Livingston Electronic Corporation атауымен танымал, $\text{Li}/\text{V}_2\text{O}_5$ жүйесінде [5] және Li/SO_2 жүйесінде [6] целлюлоза сепараторларын, соның ішінде сүзгі қағазы мен Celgard кеуекті полипропилен сепараторларын қолданады. 1970 жылдардың басында жасалған литий-металл батареяларының көпшілігі тоқыма емес полипропилен сепараторын пайдаланған. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда Li/SOCl_2 [7] элементтерінде шыны талшықты қағаз сепараторы қолданылды. 1980 жылдары ғалымдар литий иондарының қабат ішінде (литий-интеркалирлеуші қосылыстар) тез қозғала алатынын анықтады [8,9]. 1991 жылы Sony компаниясы шығарған алғашқы коммерциялық литий-ионды аккумуляторлардың пайда болуы сепараторлар үшін неғұрлым тұрақты және тиімді материалдарды анықтады. Алғаш полиолефиндер, полиэтилен мен полипропилен негізінде жасалған бөлгіш сепараторлар кеңінен қолданылған, себебі олардың химиялық төзімділігі, механикалық беріктігі және жоғары температурадағы тұрақтылығы сияқты қасиеттерді сепараторлар үшін тиімді болды. Қазір батарея


сепараторлары: микрокеукті және модифицирленген микрокеукті мембраналар, тоқыма емес материалдар, композиттік мембраналар және электролиттік мембраналар болып бес түрге бөлінеді. Оларды қабаттар санына байланысты бір қабатты және көп қабатты микрокеукті мембраналарға жіктеуге болады. Модифицирленген микрокеукті мембраналық сепараторлар – бұл плазма мен егу әдістері арқылы кәдімгі микрокеукті мембраналардан өзгертілген сепараторлар.

Сепараторға қойылатын негізгі талаптар. Үздіксіз зерттеулер мен жұмыстардың арқасында әртүрлі сепараторлар жасалып жатқанымен олардың барлығына қойылатын талап бірдей. Сепаратор литий-ионды аккумуляторлардың электрохимиялық реакциясына қатыспаса да, ол маңызды функцияларды орындайды:

1. Электродтарды бөлу: анод пен катод арасындағы тікелей байланыстың алдын алу, қысқа тұйықталуға болдырмау.

2. Иондық өткізгіштік: зарядтау және разрядтау кезінде электродтар арасында литий иондарының өтуін қамтамасыз ету.

3. Ыстыққа төзімділік: батареяның қызып кетуіне және термиялық ыдырауына қарсылық.



Сурет 1. Сепараторлардың негізгі қасиеттерінің сызбасы

Сепараторлардың литий батареяларында тиімді жұмыс істеуі үшін кейбір негізгі талаптардың орындалуын қамтамасыз ету қажет. Сепаратордың негізгі қасиеттері оның құрылымы, материалдардың ішкі қасиеттері және сепаратордың сыртқы әсерлерге қатысты қасиеттеріне тікелей байланысты (1-сурет). Осы мақалада аталған қасиеттерге жеке тоқталып, әдебиеттерде кездесетін мәліметтерге шолу жасалады.

Сепараторлардың құрылымы бойынша талаптарға оның қалыңдығы, кеуктілігі және кеуек құрылымы жатады. Жұқа сепараторлары бар батареялардың ішкі кедергісі төмен және энергия мен қуаттың тығыздығы жоғары болады деп болжануда [10]. Алайда, сепаратордың қалыңдығының төмендеуімен оның механикалық беріктігі төмендейді. Механикалық беріктігі төмен сепараторлар батареяны құрастыру және пайдалану кезінде

электродтардың тұрақты бөлінуін қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан литий-ионды аккумулятор үшін жеткілікті механикалық беріктігі бар салыстырмалы түрде жұқа сепараторға артықшылық беріледі. Қазіргі уақытта аккумуляторлық батареяларға арналған стандартты сепараторлардың қалыңдығы 25 мкм-ден аз, бұл жоғары қуат пен меншікті қуатты қамтамасыз етеді. Сепаратордың қалыңдығы ісіну процесіне де, оның механикалық қасиеттеріне де әсер етеді. Теориялық модельдеу сепаратордың идеалды қалыңдығы 1-ден 32 мкм-ге дейін өзгеретінін көрсетті, бұл сканерлеу жылдамдығына қарамастан батареяның оңтайлы сыйымдылығын қамтамасыз етеді [11].

Сепараторлардың кеуектерінің мөлшері электрод бөлшектерінің енуіне жол бермеу үшін жеткілікті кішкентай болуы керек. Li^+ иондарының біркелкі ағынын қамтамасыз ету және литий дендриттерінің түзілуі мен өсуін тежеу үшін кеуектер біркелкі мөлшерде таралуы керек. Кеуектілігі жоғары және орамасы төмен сепараторлар ЛИА-да литий иондары үшін жеткілікті масса алмасу арналарын жасайды, нәтижесінде иондық кедергі аз болады. Герли саны арқылы көрсетілген өткізгіштік [10] мембраналық сепараторлардың иондық кедергісінің көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Литий-ионды аккумуляторларда қолданылатын сепараторлар үшін әдетте субмикронды кеуек өлшемі 1 мкм-ден аз болса қолайлы болады [12]. Дұрыс кеуектілік сепараторларға иондық өткізгіштік үшін электролиттің едәуір мөлшерін ұстап қана қоймай, сонымен қатар жақсы механикалық өнімділікке ие болуға мүмкіндік береді. Өнеркәсіпте сепараторлар әдетте 40%-дан 50%-ға дейін кеуектілікке ие [13].

Сепаратордың кеуектің құрылымы, яғни тарылған тесіктердің мөлшері мен бұралу мөлшері маңызды параметр болып табылады (2-сурет), өйткені сепаратор оң және теріс электродтар арасындағы қысқа тұйықталуды және дендриттерден туындаған қысқа тұйықталуды болдырмау үшін сенімді оқшаулауды қамтамасыз етуі керек. 2-суретте кеуек ішкі құрылымы көрсетілген. Мембрананың кеуек құрылымы неғұрлым бұралған болса, онда литий дендриттерінің түзілуін тежейді. Кеуектілік-кеуек көлемінің сепаратор мембранасының жалпы көлеміне қатынасы келесі теңдеу (1) арқылы пайызбен көрсетуге болады [1].

$$\text{Кеуектілік (\%)} = \left(1 - \frac{p_m}{p_p}\right) \times 100 \quad (1)$$

мұндағы, p_m және p_p сәйкесінше сепаратор мен полимер мембранасының нақты тығыздығын білдіреді.



Сурет 2. Кеуектердің құрылымы

Сепараторға қойылатын келесі талаптар сыртқы әсерлерге қатысты қасиеттер болып табылады, олар: иондық өткізгіштік, сулану, химиялық және электрохимиялық тұрақтылық.

Ішкі кедергіні азайту және иондардың жылдам тасымалдануын қамтамасыз ету үшін сепараторлар электролитпен тез және толық сулануы керек. Егер сепараторлар электролитпен біркелкі немесе толығымен суланбаса, бұл литийдің бұзылуына, литий дендриттерінің пайда болуына және беттің жабылуына әкелуі мүмкін. Нашар ылғалдылық сепаратордың кедергісін арттырады, бұл цикл өнімділігіне және зарядтау/разряд тиімділігіне теріс әсер етеді [14,15]. Сондықтан оны гидрофильді ету үшін мембраналардың бетін өзгерту қажет. Жалпы әдістерге гидрофильді топтардың бетті немесе кеуекті функционализациясы немесе беттік белсенді заттармен өңдеу жатады [16,17]. Дегенмен, беттік белсенді заттарды цикл және сақтау кезінде электролитпен жууға болатынын атап өткен жөн, бұл уақытша гидрофобтылыққа әкеледі. Керісінше, гидрофильді функционалды топтарды мембраналардың бетіне тиісті газдарды қолдана отырып, термиялық бүрку арқылы егуге болады, бұл беріктікті арттырады. Мұндай топтарға гидроксил, карбонил, карбоксил, амин және сульфонил топтары жатады [18]. Ылғалдылықты сульфаттау, фторлау, полимерлеу және басқа әдістермен де жақсартуға болады [19]. Сепараторларды электролитпен сулау кеуекті құрылым және бетінің сипаттамалары (кеуектілік, кеуек мөлшері) сияқты факторларға тікелей байланысты. Ылғалдануды өлшеу үшін байланыс бұрышын және электролитті сіңіруді анықтау әдістері кеңінен қолданылады. Бұл әдістерде сепараторға электролит тамшысы қолданылады, содан кейін жанасу бұрышы (θ) өлшенеді. Кішірек θ мәні сепаратор бетінің электролитпен жақсы сулануын көрсетеді [20].

Жоғары иондық өткізгіштік сепараторларда шешуші рөл атқарады, аккумуляторлардың жоғары сыйымдылығын, беріктігін және тұрақтылығын қамтамасыз етеді, өйткені Li^+ иондарының жоғары тасымалдануы Li^+ иондарының біркелкі ағынын арттыруға және масса тасымалдау жылдамдығын арттыруға ықпал етеді, бұл иондардың локализацияланған тұндыруын азайтуға және литий дендриттерінің түзілуін тиімді тежеу арқылы батарея циклі кезінде концентрация градиентінің пайда болуына жол бермейді. Сепараторлардың иондық өткізгіштігі олардың кеуекті құрылымына, қалыңдығына және бетінің сипаттамаларына тікелей байланысты. Мембрананың оңтайлы кеуектілігі жоғары иондық өткізгіштікті қолдайтын кеуектердегі электролиттің жеткілікті мөлшерін алуға мүмкіндік береді. Керісінше, кеуектілігі төмен мембраналар электролитті аз ұстайды, бұл ішкі қарсылықтың жоғарылауына әкеледі. Алайда, шамадан тыс кеуектілік батареяның жылу қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін, бұл батареяның сөнуіне әкеледі [21,22]. Құрамында электролит бар сепаратордың оңтайлы иондық өткізгіштігі 10^{-3} -тен 10^{-1} $\text{См} \cdot \text{см}^{-1}$ -ге дейін болуы керек [12] әдетте 10^{-3} $\text{См} \cdot \text{см}^{-1}$ өткізгіштік ұялы телефондар сияқты төмен қуатты қосымшалар үшін жеткілікті деп саналады. Алайда, қуатты автомобильдер жоғары өткізгіштікті қажет етуі мүмкін [23].

Литий-ионды аккумулятор сепараторларының иондық өткізгіштігі әртүрлі өлшеу әдістерінде алынған эксперименттік деректерді пайдалана отырып есептеледі, мысалы, импеданс спектроскопиясы, тұрақты ток әдісі (DC поляризациясы), Варт әдісі (Warburg кедергісі), ұяшықтағы электрохимиялық тестілеу әдісі (электрлік химиялық жасуша сынағы), симметриялы ұяшықтарды пайдалану әдісі (симметриялы ұяшық әдісі), температураға тәуелді өткізгіштік өлшемдері әдісі (temperature-dependent conductivity measurements).

Иондық өткізгіштік келесі формула бойынша есептеледі (2):

$$\sigma = \frac{L}{R_{sep} \cdot A} \quad (2)$$

мұндағы: L – сепаратордың қалыңдығы; R_{sep} – өлшенген кедергі; A – сепаратордың көлденең қимасының ауданы.

Сепаратор электронды оқшаулағыш болуы қажет. Сепаратор ретінде пайдаланылатын композиттік полимерлі электролит пленкаларының электрохимиялық тұрақтылығы сызықтық вольтамметрия және циклдік вольтамметрия әдістерімен зерттеледі. Сепараторлар электродтармен де, электролиттермен де химиялық тұрақты және зарядтау және разряд кезінде күшті тотықсыздану және тотығу жағдайларына электрохимиялық төзімді болуы керек. Олардың катод пен анодқа төзімділігін бағалау үшін циклдік вольтамметрияны, сызықтық вольтамметрияны және электрохимиялық импеданс спектроскопиясын (EIS) қолдануға болады. Литийге қатысты сепараторлардың тұрақтылығын Li/Li симметриялы ұяшықтардың циклдік сипаттамаларын өлшеу арқылы талдауға болады. Сонымен қатар, химиялық және электрохимиялық тұрақтылық рентгендік фотоэлектрондық микроскопия және Фурье түрлендіретін инфрақызыл спектроскопия арқылы зарядтау/разряд процесінде сепаратордағы элементтердің химиялық күйінің өзгеруін бақылау арқылы талданды [24]. Электрохимиялық тұрақтылық электролит ерітіндісімен 2 В-тан 6 В-қа дейінгі потенциалдар диапазонында микроэлектродтық циклдік вольтамметриямен өзгереді [25].

Сепараторға қойылатын келесі талаптар-сепаратордың ішкі қасиеттері, балқыманың тұтастығы, беріктік шегі, тесуге беріктік, термиялық тұрақтылық, бұралу, өлшемдік тұрақтылық және өшіру температурасы. Сепаратордың біркелкі қалыңдығы иондардың біркелкі таралуына ықпал етеді, нәтижесінде электрод қабатында болатын белсенді материалдарды біркелкі пайдалану және жалпақ Li-металдардың түзілуін индукциялау арқылы Li-дендриттердің өсуін тежейді [10]. Өнеркәсіптік сепараторлардың қалыңдығы 20-25 мкм [26]. Жұқа сепараторлар электродтарға көбірек орын бере отырып, батареялардың қуат тұтынуын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Алайда жұқа сепараторлар тесу мен қысқа тұйықталуға жол беруі мүмкін. Сепараторлардың тым қалың болуы да жағымды фактор емес, себебі мұндай жағдайда кедергі жоғарылап, иондық өткізгіштік төмендеп кетуі мүмкін.

Сонымен қатар сепаратор жоғары механикалық қасиетке ие болу керек. Себебі электрод сыртқы күштердің әсерінен қысылатын болса немесе кеңейетін болса, сол күштерге төтеп бере алуы керек. Оның механикалық қасиеті электролитке орналастырған кезде белгілі болады. Осылайша, жоғары тұрақтылықты сепараторларды жобалау кезінде электролит жүйесіндегі механикалық тұрақтылықты ескеру қажет. Механикалық қасиеттер созылу және тесу беріктігін өлшеумен сипатталады; сепаратордың созылу беріктігі неғұрлым жоғары болса, қаттылық соғұрлым жақсы болады. Сонымен қатар, жоғары тесуге беріктік дендриттерге төзімділікті арттырады, бұл дендриттердің өнуіне жол бермейді.

Сепараторды тесуге беріктігі қолданылатын материалға және мембрананың өндіріс технологиясына байланысты. Ең алдымен, ол тігінен (MD) және көлденең (TD) бағыттардағы беріктік көрсеткіштерімен сипатталады. Тасымалдау және құрастыру кезінде зақымдануды болдырмау және литий дендриттерінің пайда болуынан туындаған қысқа тұйықталуды болдырмау үшін мембрана кем дегенде 20 МПа созылу беріктігіне ие болуы

керек [27]. Сонымен қатар, ені кішірейіп кетпес үшін сепаратор созылған кезде айтарлықтай ұзартылмауы керек. Әдетте кеуектіліктің жоғарылауы кедергіні азайтады, бірақ беріктігін төмендетеді. Айта кету керек, бір осьтік созылу әртүрлі бағыттардағы созылу беріктігінің айырмашылығын тудыруы мүмкін, ал екі осьтік созылу тігінен және көлденең бағытта біркелкі беріктікті қамтамасыз етеді. ASTM d882-10 стандарты [28] беріктігін бағалау үшін қысқыштар арасындағы қашықтық, созылу жылдамдығы және үлгі өлшемдері сияқты шарттарды сипаттайды. ASTM d882 стандартына сәйкес, қалыңдығы 25 мкм сепараторлардың созылу беріктігінің минималды шегі 98,06 МПа құрайды.

Беріктік шегі инені пайдаланып мембрананы тесу үшін қажетті күшпен анықталады және құрастыру сияқты процестерде пайда болатын мембрананың қысқа тұйықталуға төзімділігінің көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Өндіріс кезінде бұралу және орау, сондай-ақ аккумуляторды құрастыру, бөлшектеу және циклдік зарядтау кезіндегі механикалық әсерлер сияқты факторларды ескере отырып, мембрана тесуге, қысуға және тозуға төтеп беру үшін жеткілікті физикалық күшке ие болуы керек. Бұл тесуге төзімділікті тексеру қысқа тұйықталудың алдын алудың маңызды кезеңі. ASTM D3763 стандартына сәйкес, тесуге төзімділік 300 г күштен төмен болмауы керек. Салыстыру үшін таза полиэтилен мен ПВДФ/полиэтилен сепараторларының ену күші сәйкесінше 5,67 Н және 6,20 Н құрайтыны анықталды [29].

Сепаратордың термиялық тұрақтылығы балқыманың тұтастығымен және «өшіру функциясымен» сипатталады. Сол үшін сепараторды температураның кең диапазонында тұрақты ұстайды [30]. Балқыманың тұтастық температурасы-бұл сепаратор өзінің механикалық қасиеттерін сақтай алмайтын температура, ал балқыманың мінсіз тұтастық температурасы 200°C немесе одан жоғары [31]. Сепаратор өте жоғары температурада ериді. Осылайша, ол кеуектерді бітеп, литий-ион өткізгіштігін тежейді. Бұл процесс өшіру функциясы деп аталады. Өшіру температурасына жеткенде, полимерлі сепаратор кеуектерді ерітіп, ион ағынын блоктайды. Өшірілгеннен кейін электродтар арасындағы байланыстың алдын алу үшін механикалық тұтастықты сақтау керек [1]. Джао және оның әріптестері сепараторларды тоқтату тиімділігін өлшеді (2-сурет). Олар ПП/ПЭ/ПП және ПЭ/Полиамид (PI)/S сепараторларындағы тоқтату процесін 140°C температурада 0,5 сағат бойы бақылап және тоқтағаннан кейін кедергінің артқанын көрсеткен [32].

Иілгіштіктен сынғышқа ауысуын және балқу температурасын термогравиметриялық талдау және дифференциалды сканерлеу калориметриясы арқылы өлшеуге болады. Өшіру температурасы мен өшіру дәрежесін импеданс спектроскопиясын және сепараторы бар ұяшықтағы температураның өзгеруін өлшеу арқылы анықтауға болады [33,34].

Сепараторлардың өлшемдер тұрақтылығы мен термиялық өлшем тұрақтылығы олардың жиырылу қасиетінен байқалады. Коммерциялық сапалы сепараторлардағы жиырылуы барлық бағытта 5%-дан аз болуы керек. Жиырылу бастапқы сепаратордың аудандарын және бірнеше сағат бойы сұйық электролитпен сіңдірілген сепаратордың бөліктерін салыстыру арқылы өлшенеді. Сонымен қатар, термиялық жиырылу 90°C температурада 60 минуттан кейін 5%-дан аз болуы керек. Әдебиеттерде сепаратордың өлшемін механикалық беріктігін жақсарту арқылы жиырылуын соның ішінде термиялық жиырылуын жақсартуға болатындығы айтылған. Механикалық

беріктікті әртүрлі бейорганикалық толтырғыштар қосу арқылы жақсартуға болатыны келтіріледі. [35] жұмыста графит/ LiMn_2O_4 ұяшығында қолданылған кремний диоксиді мен полиэтилен сепараторының синтезі туралы жазылған. Кремний диоксиді сепаратордың өлшемін механикалық жақсартып, электролиттің жиырылуына/термиялық жиырылуына жол бермейді. 3-суретте әртүрлі полиэтилен (ПЭ) негізіндегі әртүрлі сепараторлардың жиырылуы көрсетілген.



Сурет 3. 1 сағатта 140°C -қа әсер еткеннен кейін әртүрлі сепараторлардың шынайы кескіндері

Сепараторлардың әмбебап болуы осы аталған талаптарды қанағаттандырған кезде ғана жүзеге асады. Аталған көрсеткіштерге қойылатын талаптардың қысқаша мазмұны 1-кестеде көрсетілді.

Кесте 1

Сепараторларға қойылатын негізгі талаптар	
Көрсеткіштер	Талаптар
Химиялық және электрохимиялық тұрақтылығы	Ұзақ мерзімді тұрақтылыққа ие болу
Ылғалдынуы	Жылдам және толық сулану
Механикалық қасиеті	кемінде 1000 кг/см ($98,06 \text{ МПа}$) болу
Қалыңдығы	$20\text{-}25 \text{ мкм}$
Кеуек өлшемі	1 мкм -ден аспау
Кеуектілігі	$40\text{-}60\%$ болу
Өткізгіштігі (Герли шкаласы бойынша)	$< 0,025 \text{ сек/мкм}$
Өлшемдер тұрақтылығы	бұралмау және тегіс жатпау
Термотұрақтылығы	90°C -та 60 минуттан кейін 5% -дан аз жиырылу
Өшіру	Батареяны жоғары температурада тиімді өшіру

Сепараторлардың негізгі түрлері.

Батарея сепараторларын бес негізгі түрге бөлуге болады:

- микрокеуекті мембраналар;
- модифицирленген микрокеуекті мембраналар;
- тоқыма емес материалдар;
- композиттік мембраналар;
- электролиттік мембраналар.

Микрокеуекті мембраналық сепараторлар микрометрлер диапазонындағы кеуек өлшемдерімен сипатталады. Оларды қабаттар санына

байланысты бір қабатты және көп қабатты микрокеукті мембраналарға жіктеуге болады. Модифицирленген микрокеукті мембраналық сепараторлар олар – қарапайым микрокеукті мембраналардың бетін түрлендіруіне, яғни плазманы қолдану арқылы егу немесе басқа полимермен жабу немесе сәулелендіру әдісі арқылы алынған мембраналар. Тоқыма емес сепараторларға балқымадан үрлеу, дымқыл төсеу және электр иіру әдістерімен алынған шатастырылған талшықтармен біріктірілген торлы құрылымдары бар мембраналар жатады. Талшықтардың кіші диаметріне байланысты тоқыма емес сепараторлар басқа типтегі сепараторларға қарағанда кеуктілігі жоғары болады. Композиттік мембраналық сепараторлар микрокеукті мембраналарды немесе тоқыма емес төсеніштерді жабу немесе бейорганикалық материалдармен толтыру арқылы жасалады. Осылайша, олар керемет термиялық тұрақтылыққа және басқа түрлерге қол жеткізе алмайтын ерекше ылғалдылыққа ие болады. Электролиттік мембраналарға қатты керамикалық электролит, қатты полимерлі электролит, гелдік полимерлі электролит және композиттік электролит жатады. Олар сепаратор және электролит ретінде жұмыс істейді және батареяның жоғары қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сепаратордың әр түрі сәйкесінше алдыңғы бөлімде қарастырылған талаптарды, соның ішінде қалыңдығы, кеуктілігі, термиялық қасиеттері, сулануы, механикалық және химиялық қасиеттерді қанағаттандыратын ішкі сипаттамаларға ие болуы керек

Микрокеукті мембрана сепараторлардың ең қарапайым түрі ол *бір қабатты мембраналар*. Бір қабатты мембраналар әртүрлі полимерлі материалдардан жасалады. 2-кестеде әртүрлі бір қабатты мембраналардың құрылымдық сипаттамалары мен қасиеттері, соның ішінде материалдары, алу әдістері, иондық өткізгіштігі және электрохимиялық сипаттамалары берілген.

Кесте 2

Бір қабатты микрокеукті мембрана сепараторлар

Материал	Еріткіш	Алу әдісі	Мембрана қалыңдығы	Сұйық электролит	Иондық өткізгіштігі	Қосымша мәліметтер	Сілтеме
1	2	3	4	5	6	7	8
ПП,ПЭ		Құрғақ және ылғал процестер	13-57 мкм	LiPF ₆ -ЭК/ДМК	$0,4 \cdot 10^{-3}$ – $2,1 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Қалыңдығы жұқа, кеуктілігі жоғары және кеук өлшемі үлкен	[36]
ПЭ	Парафин майы	Сулы процесс	25 мкм	LiPF ₆ -PC	$3,0 \cdot 10^{-3}$ – $5,0 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жоғары механикалық беріктік	[37]
ПВДФ	Ацетон/этанол	Фазалық инверсия	35-50 мкм	LiPF ₆ -ЭК/ДМК/ДЭК	$3,0 \cdot 10^{-3}$ – $5,0 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Тұрақты разряд қисықтары және төмен температура көрсеткіштері	[38]
ПВДФ	NMP (N-метил-2-пирролидон)	Фазалық инверсия	35-70 мкм	LiPF ₆ -ЭК/ДМК	$0,7 \cdot 10^{-3}$ – $2,1 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жақсы циклдік жүру қабілеті және жоғары зарядтау жылдамдығы мен жоғары сыйымдылық	[39]

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
ПАН	ЭК/ПК	Құю әдісі		LiClO ₄ , LiN (SO ₂ CF ₃) ₂ , LiAsF ₆ - ЭК/ПК	$2,0 \cdot 10^{-3}$ – $6,1 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жақсы электрохимиялық тұрақтылық және литийдің жақсы айналымдылығы	[40]
ПАН/ ПММА	ЭК/ПК	Құю әдісі	50- 100 мкм	LiN (SO ₂ CF ₃) ₂ - ЭК/ДМК немесе LiClO ₄ - ЭК/ПК	$0,1 \cdot 10^{-3}$ – $1,9 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жақсы электрохимиялық тұрақтылық	[41]

Көп қабатты мембраналармен салыстырғанда, бір қабатты мембраналарды қарапайым әдістерді қолдану арқылы алуға болады, бұл салыстырмалы түрде төмен шығындарға әкеледі. Нәтижесінде, бір қабатты мембраналар литий-ионды аккумулятор сепараторлары ретінде кеңінен қолданылады.

Микрокеуекті бір қабатты мембраналар механикалық беріктігі, термиялық беріктігі және электрохимиялық сипаттамалары бойынша оңтайлы қасиеттерге әрең жетеді. Бұл кемшілікті жеңу үшін әртүрлі полимерлерден жасалған микрокеуекті көп қабатты мембраналарға кең зерттеулер жүргізілді. Микрокеуекті көп қабатты мембраналарды әртүрлі әдістермен жасауға болады, соның ішінде батыру жабыны [42-44], ламинаттау [45-47], саңылау матрицасы [48], терең басып шығару [49], құю [50], фазалық инверсия [51] және т.б. әдістер кең қолданылады. 3-кестеде кейбір көп қабатты мембраналардың қасиеттері мен өнімділігі көрсетілген.

Кесте 3

Көп қабатты микрокеуекті мембрана сепараторлар

Материал	Субстрат	Қалыңдығы	Сұйық электролит	Иондық өткізгіштік	Қосымша мәліметтер	Сілтеме
ПП	ПЭ	12-38 мкм			Жақсартылған тесу беріктігі және жылу кедергісі	[52]
ПВДФ	ПЭТ	33 мкм	LiPF ₆ - ЭК/ДЭК/ПК	$8,9 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жақсы сыйымдылықты сақтау және электрохимиялық тұрақтылық	[53]
ПВДФ	ПЭ	37 мкм	LiPF ₆ - ЭК/ДЭК/ПК	$1,1 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жоғары разряд сыйымдылығы және жоғары жылдамдықтағы өнімділік	[54]
ПММА	ПЭ	25 мкм	LiPF ₆ - ЭК/ДЭК	$5,2 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Разрядтың C- жылдамдығының жақсырақ өнімділігі	[55]
ПВДФ	ПММА	75 мкм	LiPF ₆ - ЭК/ДМК/ЭМК		Жоғары разряд сыйымдылығы және төмен сыйымдылықта сөнугі	[56]

Жоғарыда айтылғандай микрокеукті мембраналық сепараторлардың термиялығы салыстырмалы түрде төмен, ылғалдануы нашар және электролитте нашар сақталады. Бұл қасиеттерді жақсарту үшін микрокеукті полиолефинді мембраналық сепараторлардың құрылымын өзгертудің әртүрлі әдістерін қолдануға болады [57-59]. 4-кестеде *модифицирленген микрокеукті* мембраналық сепараторлардың қасиеттері келтірілген. Микрокеукті полиолефинді мембраналардың құрылымы мен қасиеттерін өзгертудің қарапайым және тиімді әдістерінің бірі-мембраналардың бетіне гидрофильді мономерлерді егу. Гидрофильді мономерлерді егудің әртүрлі әдістері бар, олар: плазма, ультракүлгін сәулелену және электронды бұршақ сәулеленуі. 4-кестеде микрокеукті мембраналық сепараторлардың модифицирленуі механикалық қасиеттерді, сулануды және иондық өткізгіштікті жақсартуға әкелетіндігі көрінеді. Сонымен қатар, электрохимиялық өнімділікті, әсіресе жоғары жылдамдықты, литий-ионды аккумуляторларды модификацирленген микрокеукті мембраналық сепараторларды қолдану арқылы жақсартуға болады.

Кесте 4

Модифицирленген микрокеукті мембраналық сепараторлар

Субстрат материал	Модифицирлеу әдісі	Индукциялау материалы	Мембрана қалыңдығы	Сұйық электролит	Иондық өткізгіштік	Қосымша мәліметтер	Сілтеме
1	2	3	4	5	6	7	8
ПЭ	Плазма	АН (акрилонитрил)	23 мкм	LiPF ₆ -ДЭК/ЭМК/ЭК	$1,4 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жақсы сулану және циклдің жақсы өнімділігі	[60]
ПП	Электронды сәуле	АК, ДЭГДМ (акриловая кислота, диэтиленгликоль-диметакрилат)	50 мкм	LiAsF ₆ -ПК/ЭК/ДМЭ	$1,0 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жақсы механикалық қасиет және жақсы сулану	[61]
ПВДФ	Гамма-сәуле	АК (акриловая кислота) және ДМАА (N,N-диметилакриламид)	80-100 мкм	LiPF ₆ -ПК/ЭК		Жылдамдықтың жақсы өнімділігі және тұрақты цикл әрекеті	[62]
ПЭ	Жабу	ПВДФ-ГФП/ПММА	22 мкм	LiClO ₄ ЭК/ДЭК	$1,69 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Кеуектілігі, иондық өткізгіштігі және циклдік өнімділігі жақсы	[63]
ПП	Егу	ПЭГ		LiPF ₆ -ДМ/ЭК/ЭМК	$1,0 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жақсартылған иондық өткізгіштік, жақсартылған интерфейске төзімділік және циклдік жүру өнімділігі	[64]

4-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
ПВДФ-ГФП	УФ	ПЭГДА (поли (этиленгликоль) де акрилат)	50 мкм	LiPF ₆ - ДМК/ ЭК	4,0·10 ⁻³ См·см ⁻¹	Жоғары сұйық электролиттің сақталу дәрежесі, сондай-ақ ең жақсы циклдік сипаттамалары және бөлім бетінің қасиеттері	[65]

Тоқыма емес материалдардың талшықты құрылымдары бар, олар құрылымдық тұтастық пен беріктікті бір-бірімен байланысқан талшықтар арқылы алады. Тоқыма емес материалдар әдетте кездейсоқ бағытталған талшықтарды химиялық және механикалық әдістермен желімдеу арқылы жасалады. Тоқыма емес материалдар дәстүрлі түрде балқытылған үрлеу әдісі [66-68] сияқты құрғақ әдіспен және ылғал әдісімен жасалады [69,70] және қағаз жасау әдісі [71,72] арқылы да ылғал әдіспен жасалады. Балқытылған үрлеу әдісі-бұл екі кезеңге бөлуге болатын байланыссыз процесс: талшықты торды қалыптастыру және талшықты торды желімдеу. Алдымен балқытылған полимер көптеген талшықтардан тұратын полимерлі торды қалыптастыру үшін саңылаулары бар иіргіш немесе штамп арқылы сығылады. Талшықтар созылып, жоғары жылдамдықты ыстық ауамен салқындатылады. Екінші кезеңде алынған материал орамдарға жиналады, содан кейін жеткілікті механикалық беріктігі бар тоқыма емес материал қалыптастыру үшін жоғары температура мен қысымда жабыстырылады. Екінші жағынан, ылғал процесс шайырды желім ретінде пайдаланады. Талшықты тор көптеген талшықтардан тұрады және шайыр жылу мен қысым арқылы негізгі талшықтарды байланыстыру үшін шашырайды. Құрғақ және ылғал процестер үшін дайын тоқыма емес материалдардың құрылымы мен қасиеттері полимер түрі, полимер құрамы, температура және қысым сияқты әртүрлі параметрлерге байланысты. Дәстүрлі құрғақ және ылғал түрде дайындалған тоқыма емес материалдар көбінесе қорғасын-қышқылды аккумулятор сепараторлары ретінде қолданылады. Тоқыма емес материалдардың талшықтарының диаметрі үлкен болғандықтан аккумуляторлар үшін жарамсыз болады, оның кеуек мөлшері мен диаметрін сәйкестендіру үшін электр иіру әдісі қолданылады [73]. Электр иіру басқа механикалық иіру әдістерінен түбегейлі ерекшеленеді. Әдеттегі электр иіру жоғары вольтты қуат көзінен, шприцтен, айналмалы саптамадан және жерге тұйықталған коллектордан тұрады. Шприцтегі электр иіру ерітіндісі мен жерге тұйықталған металл коллектор арасында жоғары кернеу қолданылады. Электр иіру әдісі диаметрі бірнеше микрометрден ондаған нанометрге дейінгі талшықтардан тұратын тоқыма емес материалдарды дайындаудың қарапайым және тиімді әдісі екені белгілі. Электр иіру арқылы алынған аккумулятор сепараторлары көптеген артықшылықтарға ие, соның ішінде жоғары кеуектілік, шағын кеуек өлшемі, өзара байланысты ашық кеуек құрылымы, жоғары өткізгіштік және үлкен бет ауданы т.б. 5-кестеде электр иіру әдісімен дайындалған тоқыма емес материалдардан жасалған сепараторлардың қасиеттері келтірілген.

Жоғарыда айтылғандай, электр иіру арқылы алынған тоқыма емес материалдардың көпшілігі литий-ионды аккумулятор сепараторлары ретінде

пайдалану үшін қажетті құрылым мен қасиеттерге ие. Алайда, микрокеукті мембраналармен және модифицирленген микрокеукті мембраналармен салыстырғанда, электр иіру маталары салыстырмалы түрде әлсіз және олардың механикалық қасиеттерін коммерциялық аккумуляторларды құрастыруда қолданылатын орау процесіне төтеп беру үшін жақсарту қажет. Дегенмен электр иіру әдісі өте баяу жүргендіктен, тоқыма емес материалдар дайындау үшін көп уақытты және көп шығынды қажет етеді. Сонымен қатар мұндай материалдар тек қана литийлі батареялар үшін ғана қолданылғандықтан мұндай өндіріс тиімсіз болып табылады.

Кесте 5

Тоқыма емес материалдардан жасалған сепараторлар

Материал	Еріткіш	Мембрана қалыңдығы	Талшық диаметрі	Сұйық электролит	Иондық өткізгіштік	Қосымша мәліметтер	Сілтеме
ПВДФ	Ацетон/(DMAC) Диметилацетамид	30 мкм	0,45 мкм	LiPF ₆ - ЭК/ДМК/Д ЭК	$1,0 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Тұрақты зарядтау-разрядтау және жақсы цикл өнімділігі	[74]
ПВДФ/ ПВДФ - со-ГФП	Ацетон/(DMAC) Диметилацетамид	17 мкм	0,42 мкм	LiPF ₆ - ЭК/ДМК/ ДЭК	$1,0 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жақсы цикл өнімділігі	[75]
ПАН	ДМФ	100 мкм	0,28- 044 мкм	LiPF ₆ - ЭК/ДМК, ЭК/ДЭК ЭС/ЭМК, ПК	$2,0 \cdot 10^{-3}$ – $2,14 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жақсы цикл өнімділігі және төмен сыйымдылықтың жоғалуы	[76]
ПАН	ДМФ	30 мкм	0,33 мкм	LiPF ₆ - ЭК/ДМК, ЭК/ЭМК, ЭК/ДЭК, ЭК/ДМК/ ДЭК	$1,0 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жоғары разряд сыйымдылығы және тұрақты циклдік өнімділік	[77]
ПВДФ/ ПАН	Ацетон/ДМФ	45 мкм	250- 400 нм	LiClO ₄ -ПК	$3,8 \cdot 10^{-3}$ - $7,8 \cdot 10^{-3}$ См·см ⁻¹	Жақсы анодтық тұрақтылық және жоғары электрохимиялық тұрақтылық терезесі	[78]

Аккумулятор сепараторларының физика-химиялық қасиеттерін жақсартудың маңызды әдістерінің бірі *композиттік мембраналарды* қалыптастыру үшін бейорганикалық бөлшектерді енгізу болып табылады. Бейорганикалық бөлшектер ретінде алюминий оксиді (Al₂O₃), кремний диоксиді (SiO₂) және титан диоксиді (TiO₂) сияқты оксидтерді қосу сепаратордың механикалық, термиялық қасиетін жақсартатындығы әдебиеттерде келтіріледі [79,81]. Бейорганикалық бөлшектердің сонымен қатар гидрофильдік құрылымы ылғалдануды жақсартуы және кристалдық құрылымы литий иондарының қозғалғыштығын арттыруы мүмкін. 6-кестеде композиттік мембраналық сепараторлардың қасиеттері келтірілген.

Кесте 6

Композиттік мембраналық сепараторлар

Субстрат	Байланыстырушы	Бейорганикалық бөлшек	Мембрана қалыңдығы	Сұйық электролит	Иондық өткізгіштік	Қосымша мәліметтер	Сілтеме
